

Даңқ орденінің толық иегері

Николай Павлович Калмыков – III дәрежелі «Даңқ» орденінің толық иегері, Балқаш қаласының құрметті азаматы. 1941 жылы әскери борышын Қиыр Шығыста атқарып жүрген ол Мәскеу түбіне жеткен жауды тоқтату үшін қоныс аударған әскери бөлімшелер қатарында болды. Онда, КСРО астанасын қорғау шайқастарында жас жауынгер ұрыс майданына алғаш рет қатысты. Кейінірек Батыс, Орталық және 1-ші Белорус майдандарындағы ұрыстарға қатысты. 1944 жылы 28 маусымдағы шайқаста Белоруссияның Подречье ауылында, сержант Н. Калмыков бастаған бөлімше жаудың оқ - дәрі артқан көлігі мен 30 фрицтің көзін жояды. 1944 - жылы, 9 – шілдеде, 413-ші атқыштар дивизиясының жауынгері Калмыков Николай Павлович 3-ші дәрежелі Даңқ орденімен марапатталады. 1945 жылы 24-25 қаңтар айында зеңбірек командирі Н.П.Калмыков Бромберг қаласында (қазіргі Быдгощ (Польша), өзінің жеке қаруынан жаудың 5 солдаттының көзін жойды, ол жаракаты бола тұра шайқас алаңынан кеткен жоқ. Польша жерінде, Варшава түбіндегі болған шайқастардағы ерлігі үшін ол 2 - дәрежелі «Даңқ» орденіне ие болады.

1945 жылы 16 сәуірдегі айқас барысында зеңбірек нысанашы Н.П.Калмыков Одер өзенінің сол жақ жағалауында, Гольцов (Польша) елді мекенінің ауданында артиллериялық ату кезінде қарсыластардың отты нүктелеріне оқ жаудырып, 2 дзоталарды және жаудың 10 солдаттың жойып, біздің жаяу әскердің жылжуына жол ашып береді.



**Николай Павлович
Калмыков**



Даңқ орденінің толық иегері

жалғасы

Жеңіс маршалы Г. К. Жуковтың өз естеліктерінде ерекше есіне алған Одер өзенінен өту, Берлинді алу операциясына қатысқан жерлесіміз ерен жауынгерлік ерліктің үлгісін көрсетті. Н. Калмыковтың артиллериялық бөлімшесі аяқталуға жақындаған соғыстың соңғы шайқастарының бірінде екі бункерді, үш пулеметті және ондаған жауды көзін жойды. Берлин операциясындағы ерлігі үшін - 1 - дәрежелі Даңқ орденімен марапатталды. Осылайша, Николай Павлович Кеңес Одағының Батыры атағына теңгерілген III дәрежелі «Даңқ» орденінің толық иегері атанып елге оралды. Аға сержант Н. Калмыковтың соғыс жолы осылай даңқты аяқталды. 1955 жылы Балқаш қаласына отбасымен бірге көшіп келеді. Түсті металдар өңдеу зауытының №1 цехына жұмысқа орналасқан ол аз уақыттың ішінде мыс балқыту ісінің хас шеберлерінің қатарына қосылып, 1971 жылға дейін, жеңілдікпен еңбек демалысына шыққанша табан аудармай еңбек етті. Н.П.Калмыковтың Ұлы Отан соғысындағы ерлігі мен еңбек майданындағы қажырлы еңбегі үшін 1975 жылы «Балқаш қаласының құрметті азаматы» атағы берілді.



**Николай Павлович
Калмыков**



Даңқ орденінің толық иегері

Василий Петрович Спицын 1941 жылы Балқаш қаласына көшіп келіп, мыс қорыту зауытына жұмысқа түседі. 1941 жылы шілде айында В.П.Спицын Қызыл Армия қатарына шақырылды. Василий Петрович Қазақ КСР-і Ақмола қаласында құрылған 310-шы атқыштар дивизиясының құрамында жүріп соғысқа кірді. Жауынгерлік жолын Ленинград түбінде бастады. Артиллерия зеңбірегінің нысанашысы болды. Ұлы Отан соғысы кезіндегі оның майдангерлік жолы ұзақ болды. Ол Ленинград қаласын қорғап, Псковты, Новгородты, Прибалтиканы, Польшаны, Пруссияны азат етуге қатысты. 1944 жылы 31 наурыздан 2 сәуірге дейін Псков облысының Кузьмино және Воронино деревнялары маңындағы жаудың қорғанысын бұзу кезінде 76 миллиметрлік зеңбіректер артиллеристері жаяу әскерлермен бірге ұрысқа шықты. Василий Спицын дәл атып, жаудың бір зеңбірегін, расчетімен екі пулеметін жойды, бақылау пунктін қиратты және жиырмаға жуық жаяу солдатты мен офицерін жер жастандырды. Сөйтіп, жаяу әскердің тапсырмасы ойдағыдай орындалуына көмектесті.

Бұл ерлігі үшін дивизия командирі Спицынге үшінші дәрежелі Даңқ ордені тапсырылды. 1945 жылы 27 ақпанда Шығыс Померанияның Хаммерштейн қаласының маңында жаудың ірі күші біздің әскерге тұтқиылдан шабуыл жасады.



Василий Петрович Спицын



Даңқ орденінің толық иегері

жалғасы

Жарылған артиллерия снарядтары мен қарша бораған пулеметтердің оқтарының астында қала тұрса да, сержант Спицынның расчөті батареяда бірінші болып жауға қарсы оқ жаудырды. Бүкіл батареялар олардан үлгі алып, жаудың екі танкісін, бірнеше атыс ұяларын талқандады. Жау шабуылы тоқтатылып, неміс группировкасы ыдырап кетті. Осы шайқастағы ерлігі үшін Василий Спицын екінші дәрежелі Даңқ орденімен марапатталды. В.П. Спицын ірі өнеркәсіп орталығы әрі порт Гдыня қаласын алудағы ұрыстарда да тайсалмай, батылдықпен қимылдады. Польшаның бұл көне қаласын азат етудегі ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығымен аға сержант Спицын бірінші дәрежелі Даңқ орденімен марапатталды, яғни Кеңес Одағы батырларының қатарынан орын алды. Василий Петрович Спицын жеңістен кейін Балқаш қаласына оралып, мыс қорыту зауытында жұмыс жасады. Мұнда ол 30 жылдан астам еңбек етті. Өндіріс озаты ретінде 1971 жылы «Октябрь революциясы» орденімен марапатталды, 1975 жылы оған «Балқаш қаласының құрметті азаматы» атағы берілді.



Василий Петрович Спицын

